

## 2013 жылға арналған халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қостанай облысы Аманкелді ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 наурыздағы № 52 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 16 сәуірде № 4095 болып тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес Аманкелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылға арналған халықтың нысаналы топтары болып мынадай санаттар анықталсын :

- 1) табысы аз адамдар ;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар ;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар ;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар ;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар ;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) ;
- 7) мүгедектер ;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар ;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар ;
- 10) оралмандар ;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер ;
- 12) жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар ;
- 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар ;
- 14) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар ;

15) "Аманкелді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде лайықты жұмысы жоқ жұмыссыздар ретінде тіркелген а д а м д а р .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.У. Х а й р у л л и н г е жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А м а н к е л д і

ауданының әкімі

Ж. Таукенов

КЕЛІСІЛДІ:

" А м а н к е л д і а у д а н ы н ы ң  
ж ұ м ы с п е н қ а м т у ж ә н е  
ә л е у м е т т і к б а ғ д а р л а м а л а р  
б ө л і м і " м е м л е к е т т і к  
м е к е м е с і н і ң б а с т ы ғ ы

\_\_\_\_\_ М. Тобағабулов